

ЖЕМ ҚАЛАСЫНЫҢ №5 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕБІ

БЕКІТЕМІН

Мектеп директоры:

 А.А.ЖАКАСОВ

« 29 » « 08 » 2022жыл

« Бекітілді »

«Мұғалжар аудандық»

білім бөлімі» ММ/әдістемелік

кабинет әдіскері

Г.К. Нұрмағанбетова

« 05 » « 09 » 2022жыл

ҚАРАЛДЫ

педагогикалық кеңесте

Хаттама №1

« 29 » « 08 » 2022жыл

«ЕЛТАНУ»

вариативті курс бағдарламасы

Қаралды:

Әдістеме бірлестік отырысында

Хаттама №1

 А.Д.КАРАГУЛОВА

« 29 » « 08 » 2022ж

Сыныбы 10

Пән мұғалімі: С. Ж. СЫРЫМОВ

2022-2023 оқу жылы

Түсінік хат

«Қазақстан Республикасының 2005-2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында» орта білім берудің мақсаты – алған білімінің, кәсіби дағдыларының негізінде өмірдің өзгермелі жағдайларында еркін бағдарлай алатын, өзінің білімін дамытуға, сол алған білімі арқылы өз мүмкіндіктерін іске асыруға және адамгершілік тұрғыда өз бетінше дұрыс, жауапты шешім қабылдауға қабілетті тұлға қалыптастыру екендігі көрсетілген. Ұлттық деңгейде қойылған мақсатты жүзеге асыруда географиялық білімнің алатын рөлі зор.

Қазіргі кезде елдер арасында әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынастар қарқынды дамуда. Сондықтан да мектеп оқушыларының дүние жүзі елдерінің табиғаты мен шаруашылығы жөнінде білім негіздерін қалыптастыратын пән ретінде географияның маңызы артады.

География ғылымының қазіргі кезде баяндаушы – энциклопедиялық ілімнен конструктивті ғылымға айналғаны бәрімізге мәлім. Географияның заманға сай міндеті «адам-табиғат-шаруашылық-қоршаған орта» жүйесінде пайда болған қарама-қайшылықтарды шешу. Демек, географиялық білім әр түрлі әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мәселелерді шешу үшін үлкен әсерін тигізеді.

Қазір дүние жүзі елдері өзара байланысты және тәуелді бола түсуде. Бұл жағдайда географияның алдында барған сайын жаңа әрі аса жауапты міндеттер тұр: соның бірі – мемлекеттердің интеграциялық процеске ұмтылуы.

Сондықтан да қазіргі кезде әрбір оқушы өз елінің тарихы, табиғаты, экономикасы мен экологиясын біліп қана қоймай, дүние жүзі елдерінің тарихы мен табиғаты, экономикасы мен экологиясы, халықаралық байланыстары туралы да білулері керек, өйткені олар келешекте әлемнің көптеген елдерінде қызмет ететін болады. Міне осы тұрғыдан да Елтану курсының маңызы зор.

Білімді, жан-жақты тәрбиелі, қабілетті жастар ұлтымыздың баға жетпес қазынасы, сондықтан жастарды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде Елтанудың тәлім-тәрбиелік, білім-танымдық рөлі зор.

Елтану бұл – Еуразия материгіндігі мемлекеттердің тарихы, табиғаты, халқы, экономикасы т.б туралы қызықты мәліметтермен таныстыратын курс болып табылады.

Курс халықаралық қатынас, әлемдік экономика, елтану, аймақтану, мәдениеттану, саясаттану, өнер, тарих, туризм сияқты мамандықтарды қалаған оқушыларға бағыт-бағдар, көмек береді.

Мақсаттары:

- География пәніне байланысты мамандық таңдаған оқушыларға бағыт-бағдар беру;
- Қоғам өмірі мен мемлекеттер жөнінде танымдық деңгейдегі мағлұматтармен таныстыру;
- Жеке елдердің қазіргі геосаяси жағдайын талдау арқылы саяси географиялық білімнің негізін қалау;
- Жеке аймақтар мен елдердегі табиғат ресурстарының таралуы мен пайдалану мүмкіншіліктерін қарастыру арқылы географиялық-экологиялық мәдениетті меңгеруге үйрету;

- Мемлекеттердің географиялық бет-бейнесін танып-білу негізінде өз елін сүйуге, басқа елдер мен олардың мәдениетіне құрметпен қарауға тәрбиелеу;

Міндеттері:

- Оқушылардың ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылыққа жетелеу;
- Оқушылардың танымдық және интеллектуалдық дағдыларын қалыптастыру;
- Алған білімдерін дүние жүзінде болып жатқан өзгерістермен байланыстыра отырып, кейбір проблемалық мәселелер жөнінде өз ойларын, пікірлерін айта білуге үйрету;
- Өздік жұмыс жасауына ықпал жасау;
- Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын географияның бүгінгі таңдағы ғаламдық проблемалары мен әр түрлі әлеуметтік-саяси жағдайдағы халықтардың тұрмыс-тіршілігі туралы мәліметтер арқылы арттыру;
- Географиялық карта, атластармен жұмыс жасай білуге, географиялық әдебиеттерден қажетті мәліметтерді жинай білуге дағдыландыру.
- Дүние танымдық қабілеттерін, шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, олардың құзырлылығын арттыру.

Күтілетін нәтиже:

Осы курсты меңгере отырып оқушы географиялық білімдерін жетілдіріп қана қоймай, қоғамда болып жатқан өзгерістер мен оқиғаларға баға бере алатын саяси сауатты, салауатты өмір салтын серік еткен, мәдениетті тұлға болып қалыптасады және де дүниені танып білуге деген құштарлығы, ынта-ықыласы артады.

Әдістемелік нұсқаулар.

Осы курсты меңгеруде оқушылар көп нәрсені үйренеді: өздігінен ізденуге, кесте толтыру, ғылыми рефераттар жазу, түрлі хабарламалар дайындап мәліметтерді жинастыру, ақпаратпен, картамен жұмыс және де түрлі презентациялар (слайд) жасайды. Оқу барысында дәріс арқылы алған білімдері сарамандық жұмыстар мен сынақ жұмыстар (тест) арқылы толықтырылады.

Дәптерге дәрістер, тезистер құрады, кесте, сызбанұсқа, ақпарат көздерінен жиналған түрлі мәліметтер, диаграммалар, сонымен қатар рефераттар дайындап, слайд жасалып, әрбір жұмысты қорытындылап, бағалау.

Қолданатын құрал-жабдықтар:

Дүние жүзінің саяси картасы, Дүние жүзінің физикалық картасы, атластар, кескін карталар, дидактикалық материалдар, электрондық оқулықтар, компьютер (слайдтар), кестелер мен үлестірмелер.

Пәнаралық байланыс:

тарих, дінтану, құқық негіздері, өнер, экономика, экология, сызу, биология.

Оқытудың іс-әрекет түрлері:

- Бағдарлама география, тарих, экономика, саясаттану мамандығы туралы түсінік қалыптастырады.
- Оқушылар Еуразия елдері туралы деректерді, мәліметтерді талдап, зерделейді.
- Материалды проблемалық оқыту тәсілі арқылы географиялық-танымдық білімді дамыту, яғни:

- елдің географиялық жағдайына баға беру;
 - талдау-салыстыру;
 - сипаттау;
 - пікір-талас;
 - картамен жұмыс
 - толықтыру әдістерін меңгереді.
- Ақпарат көздерінен негізгі ұғымдарды, мәліметтерді қысқарта жазып, қорытып, талдау арқылы нақты тұжырым жасайды, тезистер құрастырады.
 - Даталар, цифрлар, фактілер, статистикалық мәліметтерді енгізе отырып, қысқаша жазады (конспектілеу), кесте, диаграммалар құрайды.
 - Қосымша әдебиеттер мен мерзімді баспасөздегі және де әр түрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтер мен хабарларды салыстырып, өз пікірін білдіреді, дәлелдейді.
 - Сабақты түрліше деңгейде ұйымдастыра отырып, оқушылардың алған білімдеріне тексеру жүргізіледі.

Оқушылардың білімі мен іскерліктеріне қойылатын талаптар:

Оқушылар міндетті түрде білуі қажет:

- бейіндік курс бойынша , базалық курста берілмеген білім көздерімен жұмыс істей білу;
- елдердің мемлекеттік құрылысы мен басқару формаларын;
- табиғаты мен геосаяси жағдайын;
- жеке елдер мен аймақтар халқының құрамы, мәдениеті мен тұрмыс-салтын;
- аймақтардың шаруашылық дамуы мен елдердің шаруашылық құрылымын;

Оқушылар мынадай талаптарды орындауға үйренеді:

- елдің экономикалық-географиялық жағдайына баға беру;
- карта, құжаттар, әдебиеттер және ақпаратпен жеке жұмыс істеуді білу;
- қазіргі саяси жағдайға баға беру;
- елдердің табиғат жағдайлары мен ресурстарын халықтың шаруашылық әрекетімен өзара байланыстырып талдай білу;
- әр түрлі дерек көздерін пайдаланып, кез келген елге елтану бағытында сипаттама құрастыру;
- белгілі тақырыптар бойынша тезистер құрып, баяндама, рефераттар жазып, хабарлама дайындай білу;
- ғылыми жобалар жазу;

«Елтану» (Еуразия елдері бойынша)

- Бағдарламаның мазмұны.

Барлығы 34 сағат, аптасына 1 сағаттан.

I бөлім. Азия елдері.

1. Оңтүстік Батыс Азия 9 сағат:

1. Ауғанстан Ислам Республикасы. 2. Бахрейн Әмірлігі. 3. Біріккен Араб Әмірлігі. 4. Иран. 5. Ислам Республикасы. 7. Ирак. 8. Ливан Республикасы. 9. Сирия Араб Республикасы. 10. Сауд Арабиясы Корольдігі. 11. Сарамандық жұмыс №1

2. Орталық және Оңтүстік Шығыс Азия елдері 7 сағат:

1. Монғолия. 2. Бруней сұлтандығы. 3. Вьетнам. 4. Малайзия. 5. Филиппин. 6. Тайвань. 7. Камбоджа Корольдігі

3. Оңтүстік Азия елдері 4 сағат:

1. Бангладеш. 2. Бутан Корольдігі. 3. Пакистан Ислам Республикасы. 4. Сарамандық жұмыс №2

II бөлім. Еуропа елдері

1. Орталық және Оңтүстік Еуропа елдері 4 сағат:

1. Австрия Республикасы. 2. Андorra Князьдігі және Ватикан қала-мемлекеті. 3. Бельгия Корольдігі. 3. Швейцария Конфедерациясы

2. Солтүстік Еуропа елдері 5 сағат:

1. Исландия Республикасы. 2. Норвегия Корольдігі. 3. Финляндия. 4. Швеция Корольдігі 5. Сарамандық жұмыс №3

3. Шығыс Еуропа елдері 5 сағат:

1. Албания. 2. Болгария Республикасы. 3. Босния және Герцеговина. 4. Венгрия Республикасы. 5. Қорытынды сабақ

**«Елтану» (Еуразия елдері бойынша)
Бағдарламаның тақырыптық жоспары.**

№	Сабақ тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Өткізу түрі	Білімділік нәтижесі
І бөлім.Азия елдері.		17			
1.Оңтүстік Батыс Азия		8			
1	Азия елдеріне жалпы шолу	1	02.09		
2	Ауғанстан Ислам Республикасы	1	09.09	Лекция	Конспект
3	Бахрейн Әмірлігіі	1	16.09	Әңгімелеу	өз.жұмыс
4	Біріккен Араб Әмірлігі	1	23.09	Әңгімелесу-сұхбаттасу	Хабарлама дайындау
5	Иран Ислам Республикасы	1	30.09	Лекция-баяндау	Реферат
6	Ирак	1	07.10		Конспект
7	Ливан Республикасы	1	14.10		Кесте құру
8	Сирия Араб Республикасы	1	21.10		Конспект
9	Сауд Арабиясы Корольдігі. Қорытынды қайталау	1	28.10	Әңгімелесу-сұхбаттасу	Хабарлама дайындау. Картамен жұмыс
2. Орталық және Оңтүстік Шығыс Азия елдері.		7			
10	Монғолия	1	11.11	Семинар сабақ	Шығарма жұмыстар
11	Бруней сұлтандығы	1	18.11	Лекция-баяндау	Сызба-кесте
12	Вьетнам	1	25.11	Әңгімелесу-сұхбаттасу	Хабарлама дайындау
13	Малайзия	1	02.12	Ізденіс-зерттеу	Реферат
14	Филиппин	1	09.12		Конспект
15	Тайвань. Камбоджа Корольдігі	1	23.12	Лекция-диспут	Хабарлама дайындау
3. Оңтүстік Азия елдері		3			
16	Бангладеш	1	30.12		Кесте құру
17	Бутан Корольдігі	1	13.01		Конспект
18	Пакистан Ислам Республикасы	1	20.01	Әңгімелесу-сұхбаттасу	Реферат жазу
19	Сарамандық жұмыс №2		27.01		Картамен жұмыс
II бөлім. Еуропа елдері		12			
1. Орталық және Оңтүстік		4			

Еуропа елдері					
20	Австрия Республикасы	1	03.02	Семинар сабақ	Хабарлама дайындау
21	Андорра Князьдігі және Ватикан қала-мемлекеті	1	10.02	Лекция-баяндау	Сызба-кесте
22	Бельгия Корольдігі	1	17.02		Реферат
23	Швейцария Конфедерациясы	1	24.02	Әңгімелесу-сұхбаттасу	Конспект
2. Солтүстік Еуропа елдері		4			
24	Исландия Республикасы	1	03.03	Ізденіс-зерттеу	Шығарма жұмыстар
25	Норвегия Корольдігі	1	10.03	Лекция-диспут	Хабарлама дайындау
26	Финляндия	1	17.03		өз.жұмыс
27	Швеция Корольдігі	1	31.03		Реферат
28	Сарамандық жұмыс №3		07.04		Картамен жұмыс
3. Шығыс Еуропа елдері		4			
29	Албания	1	14.04	Лекция-баяндау	Сызба-кесте
30	Болгария Республикасы	1	21.04	Әңгімелесу-сұхбаттасу	Хабарлама дайындау
31	Босния және Герцеговина	1	28.04	Лекция	конспект
32	Венгрия Республикасы	1	05.05	Лекция	Реферат
33	Қорытынды сабақ	1	12.05	Сынақ	Тест
34	Тоқсандық қайталау	1	19.05	Тест тапсырмалары, наменклатура жаттау	Картамен жұмыс

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ұлттық энциклопедия «Қазақстан» /1-10 том/. Алматы- 1998-2005
2. География және табиғат.
Ғылыми-педагогикалық журнал.2004. №4-6 2005. №1-6; 2006. №1-2; 2007.№1-2; 2008. №1-2; 2009. №1-2; 2010.№1
3. Бушуева Л. Новейший справочник по странам мира. Ростов-2009
4. Романцова С.А. Страны мира от А до Я. Новый информационный справочник. Харьков – 2007
5. Бейсенбаев А.М. Бейсенбаева Н.Ә. «Талапкер» топтамасы. География: 6-10 сыныптар. «Арман» баспасы. 2004.
6. Климанова О.А. География в таблицах. 6-10 кл. Справочное пособие. Москва. «Дрофа» - 2008.
7. Гарапова Ғ.С. Жақанбаева Н.М. География: жоғарғы оқу орындарына түсушілерге арналған оқулық-тест. Алматы: Шың-кітап – 2007.
8. Интернет сайттары